



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

все же существует необходимость в рекламе как возможности узнать о новых товарах или услугах и их характеристиках.

Таким образом, сегодня реклама становится планомерным воздействием на человеческую психику с целью создать психологическую подготовленность к покупке рекламируемого товара или услуги, чтобы внедрить в сознание людей конкретную идею.

Список литературы

1. Серебрякова Ю.А., Даишцыренова Т.Г. Воздействие рекламы на целевую аудиторию // Вестник БГУ. 2012. №2.
2. Хромов, Л. Н. Рекламная деятельность: искусство, теория, практика: Настол. кн. делового человека-менеджера и бизнесмена / Л. Н. Хромов. – Петрозаводск: АО «Фолиум», 1994. – 308 с.
3. Лазарева Н. Э. Формирование психологической устойчивости к влиянию телевизионной рекламы на мотивационную сферу младших школьников: автореферат дис. на соискание ученой степени канд. психол. наук. – Екатеринбург, 2008.

УДК 711.7

«ҮНДЕСТІК» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТУ МАҚСАТЫНДА АТА-АНАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Ахметова Молдир Нуртуреевна
Директордың тәрбие -ісі
жөніндегі орынбасары
Қостанай облысы
Әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
Ф.Қайырбеков атындағы
№ 9 жалпы білім беретін мектебі» КММ
E-mail: moldir_pip@mail.ru

Аңдатпа

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимыл заманауи білім беру жүйесін жаңғыртуды ескере отырып қарастырылуда. Өзара әрекеттесу ата-аналарға білім беру қызметтерінің «тапсырыс берушілері» ретінде, сонымен бірге олардың сапасын дұрыс бағалай алатын және білім беру қажеттіліктері мен оқу процесін өзін-өзі ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетін оңтайландыруға қатысатын белсенді, адал және жауапты тұтынушыларды бағдарлауды қамтиды.

Түйінді сөздер : жаңа көзқарас, заманауи, инновация.

Аннотация

Сегодня взаимодействие образовательной организации и родителей рассматривается с учетом модернизации современной системы образования. Взаимодействие направлено на ориентирование родителей как «заказчиков» образовательных услуг, а также активных, лояльных и ответственных потребителей, способных правильно оценить их качество и участвовать в оптимизации образовательной деятельности обучающихся в соответствии с современными требованиями к образовательным потребностям и самоорганизации образовательных услуг.

Ключевые слова : новый подход, современность,

Abstract

Today, the interaction of an educational organization and parents is considered taking into account the modernization of the modern education system. The interaction is aimed at orienting parents as "customers" of educational services, as well as active, loyal and responsible consumers who are able to correctly assess their quality and participate in optimizing the educational activities of students in accordance with modern requirements for educational needs and self-organization of educational services.

Key words : zhana kozkaras, zamanauı, innovation

Бала тәрбиесінің негізі-оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ-бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана-баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Тәрбие дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы іріктеп, жинақтап алған озық тәжірибесін, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын жас ұрпақтың бойына сіңіру, соған сай мінез-құлық қалыптастыру. Бала тәрбиесі-баршаға ортақ. Жас ұрпақ бойында жақсы қасиет, адамдық құндылық, талғам мен талантты жетілдіру ата-ана мен мұғалімнің басты міндеті. «Тәрбие-адам тағдырын шешетін ұлы іс», -деп В.Г.Белинский айтқандай, тәрбиеге, соның ішінде бала тәрбиесіне бейжай қарауға болмайды.

Әрбір ата-ана еліміздің болашағының жарқын болуы үшін, балаларын тәрбиелей отырып ат салысады. Ол үшін баланы тәрбиелеушінің өзі тәрбиелі болуы тиісті. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген ұлағатты сөз соның айғағы. Саналы тәрбие, сапалы білім баланың ертеңіне даңғыл жол ашады. Адам өмірінің алтын бесігі-мектеп қабырғасында өткен жылдар. Бұнда бала жаңа өмірдің заңдылықтарын үйренеді. Мектеп ұжымына ата-ананы көмегі ауадай қажет. Мектеп пен ата-ана арасындағы сыпайы сыйластық үндесіп жатса, бала тәрбиесі жақсы болары сөзсіз. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы дегеніміз-бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара хабарласа, келісе әсер етуі, ықпал жасауы. Оқушы – мұғалім, оқушы – ата – ана, мұғалім – ата – ана адамгершілікке бағытталған тұлғааралық қатынасты қалыптастыруға күш салатын үштік одақ. Ата-ана мектеппен байланысын күшейтуі арқылы ғана бала тәрбиесінде жақсы жетістікке қол жеткізе алатыны ақиқат. Ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасынан біз тамаша нәтиже күтеміз. Бар әдемілік пен әдептілікті бойына жинаған, халықтық тәрбиемен сусындаған, өз отбасына, өз ұстаздарына, өз мектебіне, сыныптас достарына, еліне құрмет сезімі қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыра аламыз. Қоғам алдындағы мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін бала тәрбиесімен айналысатын отбасы балабақша, мектеп, қоғам және жұртшылықпен тәрбие кіріктіріліп жүзеге асуы тиіс. Өйткені, отбасына мектеп тарапынан білікті көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекетінің арқасында ғана оқушы тұлғасын дамыту мәселелерін табысты шешуге болады.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимыл заманауи білім беру жүйесін жаңғыртуды ескере отырып қарастырылуда. Өзара әрекеттесу ата-аналарға білім беру қызметтерінің «тапсырыс берушілері» ретінде, сонымен бірге олардың сапасын дұрыс бағалай алатын және білім беру қажеттіліктері мен оқу процесін өзін-өзі ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес оқушылардың оқу іс-әрекетін оңтайландыруға қатысатын белсенді, адал және жауапты тұтынушыларды бағдарлауды қамтиды. Мұның бәрі әлеуметтік серіктестік қағидаттары мен шарттары бойынша ата-аналармен ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынас құру қажеттілігін қарастырады. Білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылы қазіргі білім беру стратегиясында белгіленген ынтымақтастықтың жаңа нысандары іске асыру мақсатында «Үндестік» жобасы құрылады.

«Үндестік» жобасының мақсаты да осы отбасы мен мектептің әлеуметтік серіктестік қағидаттары мен шарттары бойынша жүйелі, кешенді, үйлестірілген әлеуметтік -психологиялық -педагогикалық ұзақ мерзімді өзара іс -қимылын қамтамасыз ету, ең жоғары құндылықтар адам өмірінің негізі болып табылатын бірыңғай оқу – тәрбие алаңын, бірыңғай әлеуметтік саланы құруға бағытталған. Ата -аналарды мектеп қызметінің барлық салаларына белсенді тарту. білімін тепе -тең негізде ұйымдастыру: педагогтер -ата -аналар, ата – аналар -ата -аналар; отбасын педагогикалық сүйемелдеу. Өзара іс – қимыл нысандарын жетілдіру білім беру ұйымы -отбасы. Мектепте тәрбие процесін ұйымдастырудағы отбасының рөлін күшейту. Балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік мінез -құлқының алдын алу, отбасыларда салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау. Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін жайлы қауіпсіз білім беру ортасын құру.

Жобаның міндеттері:

- Ата-аналарды мектеп қызметінің барлық салаларына белсенді тарту.

-Ата-аналар білімін тепе-тең негізде ұйымдастыру: педагогтер-ата-аналар, ата – аналар-ата-аналар; отбасын педагогикалық сүйемелдеу (*оқыту, консультация беру, тәрбие, ағарту мәселелерінде көмек көрсету және т.б.*).

- Өзара іс – қимыл нысандарын жетілдіру білім беру ұйымы-отбасы. Білім беру ұйымының тәрбие процесін ұйымдастырудағы отбасының рөлін күшейту.

-Балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, отбасыларда салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

- Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін жайлы қауіпсіз білім беру ортасын құру.

«Бір-бірімен кездесу» жобасы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Ғылыми-әдiстемелiк бағыт;
- Диагностикалық-аналитикалық бағыт;
- Алдын-алу бағыты;
- Консультативті-ағартушылық бағыты;
- Дамытушы бағыт.

Біз білім беру ұйымдарына жобаны іске асырудың мынадай әдістерін пайдалануды ұсынамыз:

- краудсорсингті қолдану;
- білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимыл жүйесіндегі белгілі бір міндеттерді шешу үшін кең аудиторияны (мүмкіндігінше кәсіби мамандарды) тарту;
- акт-технологиялардың көмегімен жүйеленетін педагогтердің білімін, тәжірибесін, дағдыларын жалпылау. Мұғалімдер мен ата-аналар өзекті ақпарат алады;
- өзара байланысты міндеттерді шешу: Ақпаратты жинау және өңдеу, сындарлы идеяларды жинау және өңдеу, ұсыныстар жинау, тәуелсіз сарапшылар тобын қалыптастыру;
- оқыту және тәрбиелеу үдерісіне жәрдемдесу үшін тәлімгерлік.[1, б.80]

2. Білім беру ұйымы мен отбасының өзара іс-қимылының озық тәжірибесін талқылай отырып, ашық диалог алаңдары. Ұжымдық формалар: ашық ата-аналар жиналысы, ата-аналар лекторийі, тәжірибе алмасу бойынша ата-аналар конференциясы, сұрақтар мен жауаптар кеші, тәрбие және оқыту мәселелері бойынша диспут-рефлексия, ата-аналардың педагогикалық ұжыммен «Ашық есік күндері» форматында кездесуі, «TEDx» форматында «Диалог» клубы, ата-аналардың қатысуымен шығармашылық шеберханалар, ата-аналардың өздері бастамашылық еткен іс-шаралар.

Мектептің ата-аналармен жұмысын ұйымдастыру формалары әртүрлі болуы мүмкін. Жұмыстың осы формалары мен әдістерінің барлығы педагогикалық тұрғыдан негізделіп, ынтымақтастық пен өзара іс-қимылдың бірыңғай жүйесінде бірін-бірі толықтыруы өте маңызды. Сынып жетекші бір жыл ішінде орындалуы керек жұмысты тиімді жоспарлауға, сынып оқушыларының ата-аналарын жан-жақты зерделеуге, олардың педагогикалық білімінің деңгейін, отбасындағы қарым-қатынас деңгейін анықтауына мүмкіндік береді.[2, б.31]

Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектептің «Үндестік» облыстық жобасы жұмысын ұйымдастыру барысында кеңес құрылып, аталған жыл барысында жүргізілетін жұмыс жоспары бекітілді. «Үндестік» облыстық жобасын жүзеге асыру аясында мектебімізде 2 сыныптар арасында ата-аналардың қатысуымен «Толағай» атты отбасылық ойыны ұйымдастырылды. 9 сыныптар арасында мамандық таңдауға бағытталған «Менің ата-анаммен өткізген бір күнім» атты жұмыс орнына саяхат жүргізілді. «Әкем асқар тауым» атты дөгелек үстел, «Директормен бетпе бет» сұхбат, «Менің үйімдегі тәуелсіздік күні» атты отбасылық сайыс, «Отбасында рухани адамгершілік тәрбие беру» тақырыбында рухани адамгершілік әлемге қонақ ретінде 1-11 сыныптары ата-аналары арасында жиналыс ұйымдастырылды.

Осылайша, «Үндестік» облыстық жобасы-ата-аналар мен білім беру мекемесі ұжымының ынтымақтастығы идеясын жүзеге асыру, бірыңғай тәрбие алаңын құру; отбасымен әлеуметтік серіктестік жағдайында білім алушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған пәрменді және тиімді жұмыс.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы 2015 ж.ж
- 2 Республикалық педагогикалық әдістемелік журнал №112/2021 г.